

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 желтоқсандағы N 1291 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 70-қосымшада :

"6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:" деген к е с т е н і ң 5 - б а ғ а н ы н д а :

2-тармақтағы "981920" деген сандар "771862" деген сандармен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "638248" деген сандар "513024" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. 9 Dong 6 Jie, Sanlitun Beijing, 100600, PRC мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасы Пекин қаласындағы Елшілігінің консулдық бөлімін орналастыру үшін алаңы 300 шаршы метр болатын ғимарат салуға - 23700 мың теңге. Іске асыру мерзімі - желтоқсан.";

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтижесі:" д е г е н б ө л і м і н д е :

"Рим (Италия Республикасы) қаласындағы 1 салынған (жаңғыртылған)" деген сөздерден кейін "және Пекин қаласында (Қытай Халық Республикасы) 1-салынған" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*